

- **Еңбекші – Шымкент қаласы аумағындағы халқы тығыз орналасқан аудан. Жұмысы жүйелі, көрсеткіші жоғары ауданның экономикасы жылдан жылға өркендеп келеді. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы қаланың дамуына өз үлесін қосуда. Жаңа Бас жоспарға сәйкес «Жұлдыз», «Қазығұрт», «Бадам», «Қаратөбе», «Сайрам тұрғын алаптарынан 21 елдімекен қосылып, аумағы кеңейде. Қазір халық саны 322 мыңға өсіп отыр.**
- **Халық саны артқан сайын әлеуметтік мәселелердің қордалана түсетіні сөзсіз. Біз осы бағыттағы атқарылған жұмыстардың қалай шешіліп жатқанын білу үшін аудан әкімдігіне бас сұқтық. Шымкент қаласы Еңбекші ауданы әкімінің орынбасары Досалы Амангелдиевтің айтуынша, шаһарға қосылған барлық елдімекендерді аралап, тұрғындардың арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіпті.**
– Шымкент қалалық мәслихатының шешімімен қайсы елдімекеннің қай ауданға қарайтыны белгіленді. Соған орай құжаттар рәсімделуде. Елдімекендердің проблемалары Шымкентті дамытудың 2020 жылға дейінгі даму жоспарына енгізіліп отыр.







- *ОҚО-дағы «Сайрам сүт» сүт зауыты өзінің сүт, айран, қаймақ өнімдерінің қорабындағы «Әркімнің дауысы маңызды!» жазуымен жұртшылықты сайлауға қатысуға шақырды. Кәсіпорын өнімдеріне барлығы «Әркімнің дауысы маңызды!» жазуы бар 10 мың стикерді жапсыруды көздеп отыр.*
- *Қазақстандық «Сайрам сүт» зауыты экологиялық таза өнім шығарады. Олар бизнесмендер мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының акциясын қолдады.*

«Жуырда зауыт сүтті қайта өңдеу қуаттылығын жылына 500 тоннаға жеткізді», - деп хабарлады ОҚО-дағы кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметінен.

«Сайрам сүт» зауыты ҮИИД бағдарламасы аясында жаңа қондырғы сатып алу үшін жеңілдетілген несие алды. Бұл өнімнің 25 түрін шығаруға мүмкіндік берді. Бұл көлем облыс сұранысының 30% қанағаттандыруға қауқарлы.

•

Жамалбек Уәлихан Батырбекұлы, «Сайрам-сүт» ЖШС директоры:



- *Қайта жабдықтаудан өткізілген «Сайрам сүт» кәсіпорны 20 тоннаға дейін сүт өнімдерін өндіруде. Республика мен облыстың қазынасына қарайламай, өткен жылы өз бюджетінен үш мектеп салғанын да айта кету керек. Сайрам тұрғын алабында 12 мектеп, 8 балабақша бар. Оның аумағында Испиджаб, Қызылсу, Өтеміс, Шапырашты елдімекендері орналасқан. «Балапан» бағдарламасы бойынша 400 орындыққа арналған «Назира ана» балабақшасы үш мыңға жуық тұрғынға қалтқысыз қызмет етіп келеді. Жергілікті кәсіпкердің жеке қаражатымен бой көтерген ғимаратта балалардың терең білім алуына барлық жағдай жасалған. Заманауи үлгідегі балабақшада 275 бала тәрбиеленуде. Сондай-ақ Ю. Сареми атындағы мектеп-гимназия оқушылары облыс бойынша ҰБТ-дан жоғары көрсеткішке қол жеткізіп келеді. Мектеп-гимназия директоры Курванбай Шамшиметов үш тұғырлы тіл саясатының жүзеге асып жатқанын атап өтті. Зерек оқушылардың үш тілде білім алуына ынтасы зор. Мұнда ұстаздар шәкірттердің сапалы білім алуына барлық мүмкіндікті қарастырған*